

- 4 Шершеневич Г.Ф. Общая теория права. Учебное пособие (по изданию 1910-1912г.) Т.1 Выпуск 1. – М., 1995. - 251 с.
- 5 Маркс К., Энгельс Ф. Таңдамалы шығармалар жинағы. Т.21. – Алматы, 1985. - 780 б.
- 6 Макиавелли Н. Таңдамалы шығармалар. - Алматы, 1982. – 306 б.
- 7 Макиавелли Николло. Патша(Principes). Серия: «Саяси және құқықтық ой-пікірлер тарихының інжу-маржандары». - Алматы: «Жеті Жарғы», 2009. – 80 б.
- 8 Ориу М. Основы публичного права. - М., 1929. – 760 с.
- 9 Коркунов Н.М. Лекции пообщей теории права. - Спб., 1898. – 256 с.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕКІНШІ ПАРЛАМЕНТТІК ДАҒДАРЫС ІШКІ ҚАЙШЫЛЫҚТАРДЫҢ КӨРІНІСІ РЕТІНДЕ

Отарбаева А.Т., заң факультетінің докторанты, Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ

Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуының алғашқы жылдары сынақ жылдары болғандығы бүгінгі күннің тұрғысынан белгілі. Жас мемлекетіміздің қалыптасуының әр түрлі салалары тәріздес мемлекеттік билікті тиімді ұйымдастыру да сан алуан сынақтан өтті.

Сайлануы 1990 жылдың наурыз айында өткізіліп, сол жылдың сәуірінен 1993 жылдың желтоқсанына дейін әрекет еткен ХІІ-шішақырылымдағы Жоғарғы Кеңес ішкі және сыртқы қайшылықтардың нәтижесінде өзін-өзі таратқандығы белгілі. Аталған Жоғарғы Кеңес КСРО-дағы тоталитарлық жүйенің күйреуіне әкеліп соқтырған халық рухының демократиялық көтерілуі жағдайында, дегенмен де әкімшілік-командалық жүйенің ықпалы әлі де болса сақталып отырған жағдайда алғаш рет кең демократиялық негізде сайланған еді. ХІІ-шішақырылымдағы Жоғарғы Кеңес өз қызметін кеңестік мемлекетте қайта құру саясаты үстемдік құрып тұрған кезеңде бастаған, тұңғыш рет демократиялық жолмен баламалы негізде сайланған, ел сенімін арқалаған депутаттардан құралған Парламент болды. Саяси-экономикалық, әлеуметтік жүйелердің ауысуы кезеңінде әрекет еткен Жоғарғы Кеңес осындай аумалы-төкпелі кезеңде белгілі бір деңгейдегі қиыншылықтарды бастан өткізе отырып, елде жүзеге асырылып жатқан саяси-экономикалық өзгерістерді, мемлекет егеменділігі мен тәуелсіздігін, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге қажетті құқықтық негіз қалыптастыра алу қабілеттілігімен танылды [1;172]. Дегенмен, тәуелсіз Қазақстанның құқықтық жүйесін қалыптастыруға барынша қызмет еткен заң шығарушы органның өзін-өзі таратуы өмір шындығына айналды. Нәтижесінде, 1994 жылдың көктеміне жоғарғы өкілді органның жаңа сайлауы тағайындалды.

Қазақстандағы билік тармақтарының өзара қатынасындағы ішкі қайшылықтардың көрінісі ретінде сипатталатын екінші парламенттік дағдарыстың мән-жайына көшпестен бұрын, ХІІІ-шішақырылымдағы Жоғарғы Кеңестің сайлануы және әрекет етуі мәселелеріне тоқталған жөн.

1994 жылдың 7 наурызында тәуелсіз Қазақстанның бірінші Парламент сайлауы өтті. Сайлау елімізде көп партиялық жүйенің қалыптасуына негіз болды. Сайлауға сол кезеңде тіркелген сайлаушылардың 73,84 пайызы қатысты. Жалпы 135 бір мандаттық округтерден 910 адам үміткер ретінде ұсынылды, оның 692-сі тіркеу шарттарына сәйкес келіп, депутаттыққа үміткер ретінде тіркелінді. Бір депутаттық орынға 5 үміткер тайталасты. Бұдан өзге мемлекетпен жасалынған нақты тізімге сәйкес өтетін 42 орынға 64 үміткер таласты. Сайлау барысындағы қоғамдық ұйымдар мен саяси партиялардың белсенділігін ерекше атап өткен жөн.

Қазақстандағы 1994 жылғы парламент сайлауының біраз ерекшеліктері болды. Салыстырмалы мажоритарлық сайлау жүйесі Президентпен депутаттыққа үміткерлерді (мемлекеттік нақты тізімге сәйкес сайланатын) ұсыну тәжірибесімен ұштасып жатты. Қазақстан Республикасы Сайлау туралы кодекстің жобасын дайындаушы топтың пікірінше, бұндай жағдай тұрақты парламент қалыптастыруға ықпал етеді десе, бұған қарама-қарсы көзқарастар да болды. 1994 жылғы парламент сайлауы көптеген мәселелерді шеше алмады. Заңнамада заң шығару органында жұмыс істеуге қажетті үміткерлердің кәсіби және адамгершілік қасиеттерін анықтау механизмі болмады. Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы кодекстің 59 бабы Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 28 қаңтардағы Конституциясының 110 және 115 баптарына сілтеме жасай отырып, белсенді сайлау құқығы және бәсең сайлау құқығының жас мөлшерін анықтаумен және кейбір азаматтардың құқықтарын шектеу ережелерімен таныстырды. Сот іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған азаматтардың сайлауға және сайлануға, республикалық референдумға қатысуға құқығы жоқ. Бұл өзінің жүйке ауруы мен ақыл-есінің кемдігіне байланысты, өзінің азаматтық құқықтарын толық жүзеге асыра

алмайтын немесе азаматтық міндеттерін атқара алмайтын азаматтардың сайлау құқығы шектеледі дегенді білдіреді. Сонымен қатар, сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында отырған азаматтардың сайлауға және сайлануға құқығы жоқ еді.

Салыстырмалы мажоритарлық сайлау жүйесімен Президенттің мемлекеттік нақты тізімге сәйкес сайланатын депутаттарды ұсынуы ұштаса келгенде бірқатар кемшіліктерге душар еді. Бұндай тәсіл қоғамның негізгі өмірлік құндылықтар бойынша жоғары деңгейдегі біркелкілігі болған жағдайда, қоғамның саяси келісімге барынша дайындығы, саяси күштердің шамамен теңдігі, дамыған саяси құрылымның болуы жағдайында мүмкін еді. Бірақ, 1994 жылғы қазақстандық қоғам жағдайында аталған факторлардың орныққандығы күмәнді. А.А.Тарановтың көзқарасы бойынша, жаңа парламент сайлауы өкілді органдардың дәстүрлі жүйесін реформалауды аяқтау және заң шығарушы орган мәртебесін өзгерту мақсатын көздеді [2;51].

Уақытша регламент ережелеріне сәйкес, Жоғарғы Кеңесте партиялық өкілдік негізінде партиялық фракциялар құрылғандығын оның басты ерекшеліктері қатарында айтуға болады. Қазақстанның Халық Бірлігі Одағында 32 мүше, Қазақстанның Халық Конгресі партиясы 22 мүше, Социалистік партия 12 мүше, Кәсіподақтар федерациясы 12 мүшеден тұрды. Бұлардан өзге кәсіби негізде құрылған 14 депутаттық топ жұмыс істеді. Қазақстан жағдайында алғаш рет саяси партиялар мен қозғалыстар биліктің шынайы құралдарына қол жеткізді, мемлекеттік бағдарламаларды қалыптастыру мен қабылдауға ықпал ету мүмкіндігін иеленді. Барлық саяси партиялар мен қоғамдық қозғалыстардың алдында тек демократиялық жолмен, Конституция талабына сай қызмет ету мақсаты қойылды. Саяси партиялар мен қоғамдық қозғалыстар тек құқықтық жағдайда өзара түсінісу, келісу арқылы байланыс жасап отыруға тырысты.

1994-1995 жылдар аралығы қазақстандық парламенттің қалыптасу тарихында аса маңызды кезеңді құрайды. 1994 жылдың сәуірі мен 1995 жылдың наурызы аралығында әрекет еткен XIII шақырылымдағы Жоғарғы Кеңес депутаттар тұрақты негізде жұмыс істеген алғашқы кәсіби парламент болды. Ол еліміздегі мемлекеттік құрылымның барынша күрделі кезеңінде әрекет етті, оның қызметі биліктің бөліну механизмі толық аяқталмаған, тепе-теңдік және тежемелік жүйесінің шынайы мазмұнының болмауы жағдайында, Жоғарғы Кеңестің, Президент пен Үкіметтің мәртебелері толық анықталмаған кезеңмен тұспа-тұс келді. Дегенмен, XIII шақырылымдағы Жоғарғы Кеңес Қазақстандағы парламентаризмнің әрі қарай дамуының негізін қалағанын да естен шығармауымыз жөн.

XIII шақырылымдағы Жоғарғы Кеңестің алғашқы сессиясы ел астанасы Алматы қаласында 1994 жылдың 19 сәуірінде өз жұмысын бастады. Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев Парламент сессиясының ашылу салтанатында сөз сөйлеп, депутаттарға кәсіби парламенттен күтетін үміті көп екендігін жеткізді, заң қалыптастыру саласында табысты еңбектенуге шақырды. Елбасының сол кезеңдегі оқиғалар желісімен жазылған «Ғасырлар тоғысы» атты еңбегінде Жоғарғы Кеңес құрамының жетістігі ретінде депутаттардың кәсіби деңгейіне жоғары баға беруін көреміз. «Тағы бір айтпай кетуге болмайтын шындық – бұл шақырылымның кәсіби деңгейінің жоғарылығы сондай, көптеген парламентшілер жоғары сыныптағы мамандар ретінде, атқару билігінің ең жоғарғы қабаттарында жұмыс істеп жүр» - деп атап көрсетті [3;170].

1 сессия жұмысында жаңа негіздегі парламенттің сессия мәжілістерін өткізу тәртібін, Жоғарғы Кеңес төрағасы мен орынбасарларын, әр түрлі парламент жұмысын ұйымдастыру саласындағы алқаларды құру орын алды. Жоғарғы Кеңестің төрағасы ретінде екі турдың нәтижесінде Әбіш Кекілбаев сайланды. Ол өз сөзінде: «Кәсіби парламент құру, осы жылғы қоғамдық-саяси өмірдегі ірі оқиға десек жаңылмаймыз. Оның жұмысының басталуы, әрине, қазақстандық тарихи күнтізбеге жаңа мемлекеттіліктің және демократияның қалыптасуының елеулі белесінің бірі ретінде енеді... Кәсіби Парламент бізде ешқашан болған емес және біз сынап көрулер және қателіктер әдісімен жұмыс істеуге мәжбүр болдық... Жаңа мәртебе иеленген Жоғарғы Кеңес өкілеттіктерінің айқындалуы біртіндеп жүріп жатыр» - деп сипаттайды [4].

Жоғарғы Кеңес Уақытша регламентіне сай, он бес комитет және бақылау палатасы құрылды. Оларды құру барысында да өзіндік ойлар туындады. Осыған дейінгі социалистік жүйеге лайықталған кеңестерде мемлекеттік биліктің бөлінуі қағидасының болмағаны белгілі, оның орнына Жоғарғы Кеңестер мемлекет күзіретіне берілген барлық мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға құқылы болды. Нәтижесінде комитеттер (алқалар) саны он бесті құрады және олар шаруашылықтың тиісті салалары мен аймақтарына жетекшілік етіп отырды. XIII шақырылымдағы Жоғарғы Кеңесте алғашында 13 комитет құру туралы ой айтылған еді. Бірақ, жұмыс барысында оның саны жоғарыда көрсетілгендей, 15-ке жетті. Олардың қатарында:

- 1) конституциялық заңдылық және адам құқықтары жөніндегі,

- 2) құқықтық реформа, заңдылық және құқықтық тәртіп жөніндегі,
- 3) мемлекеттік құрылыс және аймақтық саясат жөніндегі,
- 4) экономикалық реформа жөніндегі,
- 5) қаржы және бюджет жөніндегі,
- 6) халықаралық және парламентаралық қатынастар жөніндегі,
- 7) халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі,
- 8) денсаулық сақтау жөніндегі,
- 9) аграрлық мәселелер және азық-түлік жөніндегі,
- 10) өнеркәсіп, энергетика, көлік және байланыс жөніндегі,
- 11) құрылыс, сәулет және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жөніндегі,
- 12) экология және табиғат пайдалану жөніндегі,
- 13) ғылым, білім беру және жаңа технологиялар жөніндегі,
- 14) мәдениет, баспасөз, бұқаралық ақпарат құралдары және қоғамдық бірлестіктер жөніндегі,
- 15) ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс жөніндегі комитеттер болды.

Депутаттық мандат оның иелерін әр түрлі істерге жетектейді. Кейде оның құдіретін орынсыз ұғыну жағымсыз әрекеттерге де апаратын сәттер болуы мүмкін. Сайлаушылардың алдында танымалдыққа ұмтылу кейбір жағдайларда істің байыбына барудан гөрі, байбаламдай беруге әкеліп соғуы мүмкін. Қала берсе, комитеттерді салалық қағидаға сүйене отырып құру, атқарушы биліктің ісіне араласуға әкелуі мүмкін деген оймен, кейбір депутаттар комитеттерді құрудың функционалдық-салалық бағытынан бас тартуды ұсынды. Оның орнына кешендік-мақсаттылық негізіне ауысуды жөн санап, нәтижесінде 5-8 комитет құру орынды деген көзқарасты С.Зиманов та қолдады [5]. Дегенмен, биліктің бөлінуі қағидасы Жоғарғы Кеңестің сол кезеңдегі аппараты қызметкерлерін абдыратып тастаған тәрізді, себебі аппарат құрылымын жақсарту бойынша жасалған ұсыныстар өтпей қалды, жүйелілік сипат болмады [2;75].

XIII шақырылымдағы Жоғарғы Кеңестің ерекшеліктерінің бірі ретінде – тұңғыш парламенттік оппозицияның қалыптастырылуы қарастырылады. Оппозициялық сипаттағы «Прогресс» тобының құрамына «Социалистік партия», «Қазақстанның Халық Конгресі» партиясы, «Қазақстанның құқықтық дамуы» атты қоғамдық бірлестік, Кәсіподақтар федерациясы мүшелері кірді. Оппозициялық топ мүшелері Үкімет жасаған жоспарларға балама ретінде өздерінің реформалық «жаңа белестерге» бастайтын бағдарламаларын ұсынды. Жалпы айтқанда, Қазақстандағы парламентаризм дамуындағы үшінші кезеңге жататын XIII шақырылған Жоғарғы Кеңеске сайланған депутаттардың сайлану алдындағы барлық процестері бұрынғы Жоғарғы Кеңестің өзін-өзі таратуынан соң жүріп қана қойған жоқ, ол сонымен бірге жаңа белгіленген сайлау Кодексінің саяси-құқықтық, заңды тәртібінде өтті [6;50].

Дегенмен, 1995 жылдың 6 наурызында Қазақстан Республикасы Конституциялық сотының қаулысы: «Орталық сайлау комиссиясының дауыс санауға байланысты енгізген әдісі «бір сайлаушы – бір дауыс» дейтін конституциялық қағиданың жаппай бұзылуына жол беріп қана қоймай, сайлау нәтижесінің бұрмалануына ұрындырды және сайлау жөніндегі Кодексте көрсетілген сайлау жүйесін өзгертіп жіберді. Сөйтіп Орталық сайлау комиссиясы өзінің өкілеттілігін жоғарылатып, Конституцияның 60-бабын бұзды» - деген ойды алға тартты. «Тарихта талай рет болған. Кішкентай ғана нәрсе оқиғалардың қопарылмалы сипатта өрістеуіне бастама болып, қоғамды атымен ойда жоқ салдарға ұрындырады екен. Қазақстан үшін сондай оқиға – Қазақстан Республикасы Конституциялық сотының 1995 жылғы 6 наурыздағы қаулысы болды» [3;170]. Нәтижесінде тәуелсіз Қазақстандағы заң шығару билігінің - XIII шақырылымдағы Жоғарғы Кеңестің екінші мәрте таратылуына әкеліп соққан екінші парламенттік дағдарыс осылай туындаған еді.

Бірінші парламенттік дағдарыстан кейін араға екі жыл салып қайта келген екінші парламенттік дағдарысты қарастыру және оны бағалау барысында, екі мәселеге назар аудару орынды. Біріншіден, парламентті тез арада екінші мәрте таратып жіберудің негізі мен себептерін анықтау қажет. Екіншіден, парламентті таратудың әдіс, тәсілін конституциялық нормалар мен заңдылықты сақтау тұрғысынан бағалау қажет – деп санайды академик С.Зиманов [7].

Ол екінші парламенттік дағдарысты қарастыруға арналған еңбегінде Конституциялық соттың шешіміне кәсіби баға беруге ұмтылып, он екі пункттен тұратын көзқарасын білдіреді. Солардың кейбіреуіне қысқаша тоқтала кетуді жөн санадық.

Қазақстан Республикасының Конституциялық соты жоғарғы мемлекеттік билік органдарына – Парламентке және Президентке қатысты мәселелер туындаған жағдайда әлемдік теория мен тәжірибеге сүйенетін болсақ, қорытынды жасауға немесе арнаулы Жоғарғы комиссия құру туралы бастамамен шығуға ғана құқылы еді. Республикадағы мемлекеттік билікті ұйымдастырудың

конституциялық қағидасына орай, әрбір билік тармағы қатаң түрде бекітілген өкілеттіліктері көлемінде әрекет етеді. Конституциялық сотқа Парламентті заңсыз құрылған деп жариялау құқығы берілмеген, парламенттің әрекет етуі барысында оны тарату құқығы туралы шешім шығаруға тіпті де құқығы жоқ.

1993 жылдың 9 желтоқсанында қабылданған әрісол кезде қолданыста болған Қазақстан Республикасының сайлау туралы Кодексінде сайлау еркіндігі кепілдіктеріне арналған арнаулы тарау бар, онда сайлау туралы заңнаманы бұзудың толық құрамы көрсетілген. Конституциялық соттың шешімінде заңның 56 бабында көрсетілген нормаларды бұзу туралы еш сөз жоқ. Занда әркімнің тек өзінің нақты әрекеті үшін жауапкершілігі тағайындалған. Сайлау нәтижесінде билікке келген Жоғарғы Кеңес сайлау кампаниясы үшін жауап бермейді. Оның үстіне Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі құрылып, бір жылдың көлемінде жұмыс жасады. Бұл оның легитимділігінің толық және даусыз екендігін білдіреді.

С.Зимановтың көзқарасы бойынша, Конституциялық Сот жоғарыда көрсетілген жағдаяттарды ескерместен республиканың Жоғарғы Кеңесінің әрекет ету-етпеуі туралы мәселені шешуге кірісті делік. Қарапайым сот этикасы және сот өндірісі ережелері айыптаушы немесе жауапты тараптардың өкілдерін шақыруды қажет етеді. Бұған қарамастан сотқа Жоғарғы Кеңестің өкілдері шақырылмақ тұрмақ, оның басшылығы Жоғарғы Кеңестің тағдырын шешетін сот ісі жүріп жатқандығы туралы хабарланбаған да.

Т.Г.Квятковская Конституциялық Сотқа жазған өтінішінде нақты сұрақ қойған: өзі депутаттыққа ұсынылған Алматы қалалық Абылайхан сайлау округінде сайлау участкелерінің тығыздығы және сайлаушылардың қабылданған дауыс беру нысандарының күмәнділігі туралы. Оның талап-арызында сайлауды өткізу заңдылығы, сайлаушылар дауысын санау дұрыстығы дауланбады. Ол сайлау округтерінің арасындағы сайлаушыларды бөлудің біркелкі еместігі, Орталық сайлау комиссиясы бекіткен «жұмсақ» дауыс берудің орнына «қатаң» дауыс беруді енгізу ұсынады. Егер сот аталған мәселелердің Т.Г.Квятковскаяның сайлануына теріс әсері болғандығын анықтаса, ол Абылайхан сайлау округі бойынша сайлауды кері қайтаруға құқылы еді. Егер Конституциялық Сот сайлауды ұйымдастырудың жалпы қағидаларында бұзылушылықтың болғанын анықтаса, ол Жоғарғы Кеңеске сайлау туралы Заңды өзгертуге ұсыныспен кіруге немесе Орталық сайлау комиссиясының кемшіліктерін көрсетуге құқылы еді[7]. Оның орнына әрекет етуші Жоғарғы Кеңестің сайлауын конституциялық емес, заңды емес деп тануды жөн санады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев 8 наурызда Қазақстан Республикасы Конституциясының 131 бабына сәйкес Конституциялық соттың шешіміне қарсылық білдірді және жоғарғы заң шығарушы органның төрағасы Ә.К.Кекілбаев 9 наурызда өз қарсылығын жолдады. Оларды қарсылықтарында сот шешімімен келіспейтіндігі, конституциялық соттық қорғауды қамтамасыз етуге міндетті соттың өзі конституциялық емес әрекетке барғандығы, Конституцияның 64, 78, 131 баптарын; Конституциялық сот туралы заңның 1,10, 23 баптарын; Конституциялық сот өндірісі туралы заңның 18 бабының 4 тармағын бұзғандығын көрсетілді. Конституциялық соттың оның қарауына жатпайтын істі қарағандығы атап көрсетілді.

Бұл пікір мемлекеттік биліктің жоғарғы құрылымдарының пікірін көрсеткендіктен тиянақты қарастыруды және талдауды қажет етті. Дегенмен Конституциялық сот келесі күні, яғни 10 наурызда аталған қарсылықтарды кері қайтару туралы анықтама шығарды.

Жалпы алғанда, Конституциялық соттың алтыншы наурыздағы шешімі 11 судьяның тек алтауымен қабылданды (3 судья қатысудан бас тартты, ал екеуі қарсы дауыс берді). Қарсылықты кері қайтаруға кем дегенде тоғыз дауыс қажет еді.

Республика Президенті 11 наурызда Конституциялық Сотқа 6 наурыздағы шешім Абылайхан сайлау округіне ғана қатысты бола ма, әлде Жоғарғы Кеңеске тұтастай қатысты бола ма деген сұрақты түсіндіру мақсатында өтінішпен қайырылды. Конституциялық сот сол күні шешімнің Қазақстан Республикасының барлық аймағына таралатындығы туралы қосымша мәлімдеді.

Жоғарғы Кеңестің құрылу сәтінен бастап Конституцияға сәйкес еместігін тану биліктің барлық тармақтарының және билік органдарының, олардың әрекетінің 1994 жылдың мамырынан 1995 жылдың наурызына дейінгі аралықта заңсыз екендігін тануды білдірді. Себебі, олардың құрылу және әрекет ету тәртібі ХІІІ шақырылымдағы Жоғарғы Кеңеспен қабылданған заңдарға, актілерге негізделген еді.

ХІІІ шақырылымдағы Жоғарғы Кеңес таратылғаннан кейін, Қазақстан Республикасының Президенті осы аралықта қабылданған барлық құжаттарды өз жарлықтарымен қайта бекітуге тырысып көрді, соңынан 1995 жылғы 23 наурыздағы Президент Жарлығына сәйкес барлық 138 актіні әрекетке енгізілу күнінен бастап әрекет ететіндігін және заңдық күшке ие екендігін таныды.

Конституциялық Соттың шешімдеріне сәйкес Қазақстан Республикасының Президенті «Қазақстан Республикасы Конституциялық сотының 1995 жылғы 6 наурыздағы қаулысынан туындайтын шаралар туралы» Жарлыққа қол қойды. Онда Вице-президент Асанбаев Е. басқаратын мемлекеттік комиссия құру және оның қарауына таратылған Жоғарғы Кеңес депутаттарының қызметке орналасуына көмектесу, Жоғарғы Кеңес мүліктерін сақтауды қамтамасыз ету, басқа да мәселелерді шешу тапсырылды.

Сондай-ақ, 11 наурызда Республика Үкіметі өз өкілеттілігінен бас тартты. Орталық сайлау комиссиясы да өкілеттіліктерін доғарды.

Конституциялық Соттың шешімімен келіспеген бір топ депутаттар оны заңсыз деп таныды, соған қарамастан Жоғарғы Кеңес таратылды.

Қорыта келе, XIII шақырылымдағы Жоғарғы Кеңестің қызметі Қазақстандағы парламентаризмнің қалыптасуының бастапқы кезеңдерін бейнелейтіндігін, оның әрекеті жағымды және жағымсыз жақтарымен сипатталатындығын ескереміз. Жалпы, XIII шақырылымдағы Жоғарғы Кеңесөзінің тарихи миссиясын атқара білді.

Әдебиеттер тізімі:

1 Қазақстан парламентаризмінің қалыптасуындағы XII шақырылымдағы Жоғарғы Кеңестің ролі // Қазақстандық заңнаманы жетілдіру: теория және тәжірибе: Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияның материалдары. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2016. – Б.169-173.

2 Парламент и законодательная власть Казахстана: Монография. – Алматы: Жеті жарғы, 1995. – 157 с.

3 Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында. – Алматы: Атамұра, 2003. – 256 б.

4 Қазақстандағы парламентаризмнің даму тарихы // www.parlam.kz/kk/history

5 Зиманов С. Нужна перестройка самой перестройки // Вестник Казахстана. – 1994. – 19 сәуір.

6 Исабеков А.Қ. Қазақстан Республикасы Парламентінің құқықтық мәртебесі. – Алматы, 2000. – 147 б.

7 Зиманов С.З. Парламент Казахстана в трудные годы провозглашения независимости. – Алматы: «Алаш» баспасы, 2011 // bibliotekar.kz/parlament-kazahstana-v-trudnye-gody-prov